> ГЕОГРАФИЯ МАРШРУТОВ КОНТЕЙНЕРНЫХ ПОЕЗДОВ ИЗ КИТАЯ В ЕВРОПУ, СЛЕДУЮЩИХ ТРАНЗИТОМ ПО ТЕРРИТОРИЯМ КАЗАХСТАНА, РОССИИ И БЕЛАРУСИ В РЕГУЛЯРНЫХ СЕРВИСАХ ОТЛК ЕРА, ПРОДОЛЖАЕТ ПОПОЛНЯТЬСЯ НОВЫМИ ЛОКАЦИЯМИ В ВОСТОЧНОМ КИТАЕ. ЭТО ВНУШАЕТ ОПТИМИЗМ В ДОСТИЖЕНИИ ОБЩЕЙ ЦЕЛИ – УВЕЛИЧЕНИЯ ТРАФИКА МЕЖДУ КИТАЕМ И ЕВРОПОЙ ДО МИЛЛИОНА КОНТЕЙНЕРОВ В ГОД.

Алексей ГРОМ,
генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА»




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№39 (2647)
01/06/2021


## ОКНО В АФРИКУ

**Филиал АО «KTZ Express» – «KTZE Западный» совместно с международной морской линией организовал первую отправку шести 40-футовых контейнеров из Северо-Восточной Африки в Казахстан.**

**Любовь НЕГЕМБЕЛЕВА,**
Нур-Султан

Груз отправлен из порта Александрия (Египет) по морю до порта Поти (Грузия), далее по Транскаспийскому международному транспортному маршруту прибыл в Костанай (Казахстан). Срок доставки составил 25 дней.

Ранее грузы из Африки доставлялись через российские порты. Благодаря слаженной работе руководства и специалистов АО «KTZ Express», конкурентоспособной стоимости и качественному сервису филиал «KTZE Западный» переориентировал клиента на маршрут ТМТМ, пролегающий через Грузию, Азербайджан и Казахстан.

Это новое достижение АО «KTZ Express», которое открыло широкие возможности для увеличения грузопотока в международном коридоре между Евразийским континентом и Африкой.

В настоящее время руководством АО «KTZ Express» – «KTZE Западный» ведется работа с представителями посольства Арабской Республики Египет по развитию перевозок в данном направлении и увеличению потока грузов. Крупные порты Египта рассматриваются как ворота в страны Африки.




## ПЕРСПЕКТИВЫ РОСТА

**Свыше 1 200 тонн грузов перевалено в Актауском морском торговом порту за четыре месяца 2021 года. План выполнен на 106%.**

Об этом сообщил председатель правления АО «НК «АМТП» Абай Турикпенбаев на встрече с руководством АО «НК «ҚТЖ». С января по май перевалка нефти составила 736 тысяч тонн, металла – 8 тысяч тонн, других генеральных грузов – 209 тысяч тонн. Кроме того, за этот период перевалено 9 071 ДФЭ по всем направлениям.

С участием DP World планируется становление нового маршрута Ташкент – порт Актау – Ярымча (Стамбул). Перевозка будет осуществляться через Волго-Донской судоходный канал. В данном направлении планируется перевозить до 190 ДФЭ ежемесячно с товарами народного потребления (ТНП). Морским оператором будет выступать компания P&O Maritime Logistics.

В рамках другого маршрута Ташкент – станция Оазис (Казахстан) – порт Актау – Стамбул прорабатывается перевозка цветных металлов, карбамида, строительных материалов, полиэтиленовых гранул и ТНП в контейнерах с ежемесячным объемом 300 ДФЭ.

Кроме того, рассматривается вопрос создания очередной фидерной линии, но уже в направлении порта Туркменбаши, отработаны основные условия проекта соглашения с этим портом. В рамках маршрута Китай – порт Актау – порт Туркменбаши и обратно планируется перевозить до 400 ДФЭ ежемесячно.

В 2020 году по маршруту ТМТМ перевезено 783 тысячи тонн грузов, увеличение по отношению к 2019 году на 3%, в том числе с участием фидерной линии перевезено 12 491 ДФЭ, или на 50% больше, чем в 2019-м.

Дальнейшее выстраивание единой транспортно-логистической цепочки в направлении маршрута ТМТМ даст прирост транзитных грузов из Китая в объеме не менее 40 тысяч ДФЭ к 2030 году.

*Махаббат НЕГЕМБАЕВА, Нур-Султан*



**Қанат ӘЛМАҒАМБЕТОВ,**
«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары:

> ДОСТЫҚ-ИЛЕЦК ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ДӘЛІЗІН ЖАҢҒЫРТУ» ТЭН ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫҚ. «ҚТЖ» ҰК» АҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН БІРЛЕСЕ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРДЫ, СОНЫҢ НӘТИЖЕСІНДЕ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕРЗІМІ 2023 ЖЫЛДАН 2021 ЖЫЛҒА АУЫСТЫРЫЛДЫ. ОСЫ ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ДОСТЫҚ-№19 БЕКЕТ АРАЛЫҒЫНДА ЕКІНШІ ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН БАСТАУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

БИЫЛ АЛМАТЫ ТЕМІРЖОЛЫНДА
**67,11 КМ**
ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

ОСЫ ЖЫЛЫ 4 АЙДА ТХКБ АРҚЫЛЫ ТРАНЗИТТІК КОНТЕЙНЕРЛЕР ТАСЫМАЛЫ
**2,8**
ЕСЕ ӨСТІ

2021 ЖЫЛЫ «ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ» ЖШС РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША
**70,683 КМ**
ЖОЛДЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗДІ

## Дөңгелек үстел

## ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ: ақпараттық және цифрлық технологиялар дәуірінде

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «KAZLOGISTICS» Қазақстанның көлік одағының ұйымдастыруымен zoom платформасында теміржол көлігіндегі ақпараттық және цифрлық технологияларды дамыту мәселелері жөнінде дөңгелек үстел өтті.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

«KAZLOGISTICS» көлік одағы корпоративтік қорының тапсырысымен «Жүк тасымалы бойынша темір жол жылжымалы құрамын қолданудың тиімділігін арттыру жолдарын талдау және оны тұтыну көлемін анықтау тәсілдерін жасау» атты зерттеу жобасы жүзеге асырылуда. Осыған байланысты өткен шараға еліміздегі көлік және логистика саласының 200-ге жуық өкілі қатысты. Модератор қызметін атқарған «KAZLOGISTICS» Қазақстанның көлік одағы Президиумы төрағасының орынбасары Юрий Лавриненко сөз бастап, дөңгелек үстелді ашты.

Жиында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Қанат Көбесов темір жол тасымалы үдерісінде қолданылатын автоматтандырылған жүйелер туралы баяндады. Оның айтуынша, серіктестік тасымал қызметі тиімділігін арттыру бағытында негізгі операцияларды автоматтандыруда қағазсыз технологияларға көше және заманауи шешімдер мен цифрлық тетіктерді қолдану әдістеріне ерекше назар аудара отырып өзінің бизнес-үлгісін жасап жатыр. Бұл тәсіл дер кезінде әрекет етуге, сонымен қатар компанияның бизнес-операцияларын барынша айқын етуге септік етеді. Осылайша ол серіктестіктің цифрландыру саласындағы негізгі мақсаттарын тізіп берді.

– Бүгінгі таңда серіктестік 43 ақпараттық жүйенің бизнес-қожайыны болып отыр, соның ішінде тасымал үдерісін ұйымдастырумен байланысты жүйелер де бар. Ақпараттық жүйелер қызметінің арқасында тасымалды басқарумен, станция, локомотив және вагон деполары жұмысын ұйымдастырумен, тасымал жоспарын құрумен байланысты бизнес-үдерістер дамиды, – деген ол одан әрі «Жүк тасымалы» бизнес-үдерісін ұйымдастырудағы негізгі ақпараттық жүйелер болып табылатын шешімдер туралы айтып берді. Атап айтқанда, 2017 жылдан бері іске қосылған АСУ ДКР, яғни «Келісімшарттық және коммерциялық жұмыс» автоматтандырылған басқару жүйесін – Қазақстан теміржолының цифрландыру бағытындағы ең үлкен жетістігі деуге болады. Бүгінде бұл жүйе Қазақстанның 456 станциясына енгізілген. Соның ішінде 15 түйісу нүктесі де бар. Жүйе жұмысын 51 мың адам қолданады, оның 35 897-сі клиенттер болса, 14 488-і – теміржолшылар. Ал 423-і – жеке меншік иелері, 900-і – экспедиторлық ұйымдар. Серіктестік басшысы жүйенің артықшылықтары мен сол арқылы жеткен жетістіктерді баяндады. Мәселен, қазір осы жүйенің арқасында тасымалды республика ішінде қағазсыз технология арқылы ресімдеу үлесі 93,5% болды. Тағы бір тоқталған заманауи шешім АСУ ЭДТ туралы еді. Оны таркатып айтқанда, «Энергодиспетчерлік тартым» автоматтандырылған басқару жүйесі деп аталады. Бұл жүйе 2011 жылдан бері қолданыста. Оның басты мақсаты – пойыз тартымына қажет ТЭР шығынын азайту.

> «КЕЛІСІМШАРТТЫҚ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС» АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АРҚАСЫНДА ТАСЫМАЛ ЖҰМЫСТАРЫН РЕСПУБЛИКА ІШІНДЕ ҚАҒАЗСЫЗ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ РЕСІМДЕУ ҮЛЕСІ 93,5%-ҒА ЖЕТТІ.

Екі кезеңге бөлініп өткен дөңгелек үстелде кезегімен сөз алғандар қатарында «Атамекен» ҰКП логистика және тасымал комитеті көліктік логистика саласы бойынша ішкі комитет төрағасы Ерхат Искалиев те болды. Ол көлік үдерістерін кешенді басқару саласындағы ақпараттық және цифрлық технологияларға тоқталды. «KAZLOGISTICS» көлік одағы Президиумының мүшесі Эдуард Каплан «Заманауи логистикалық трендтер: интеграцияға және цифрлық аутсорсингке арналған курстар» тақырыбында сөз сөйледі. Ал «ҚТЖ» ҰК» АҚ Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы филиалы директорының инфрақұрылымды дамыту жөніндегі орынбасары Айзек Жұланхан пойыздар қозғалысын басқару бойынша аймақтық орталықтар құру жөнінде сөз қозғады. Еуразиялық көлік дәліздерін цифрландыру туралы Темір жол көлігі мәселелерін зерттеу институтының Президенті П.Иванкин мәлімдесе, Цифрлы көлік дәліздерін электронды логистиканы құрудың ақпараттық негізі ретінде қарастыру жөнінде Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының компьютерлік технологиялары және логистика кафедрасының меңгерушісі Г.Кенжебаева баяндады. Сонымен қатар Орал мемлекеттік жол қатынасы университетінің профессоры Н. Тушин темір жол көлігі инфрақұрылымын дамытуды имитациялық модельдеу тақырыбын көтерді. ЛокоТех-Сигнал бизнесті дамыту жөніндегі директоры А.Кейян пойыздар қозғалысын басқарудың кешенді цифрлық жүйесі деген мәселені ортаға салды.

*Тақырыптың жалғасы 3 бетте...*

## ТИІМДІЛІККЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БЕС БАҒЫТ

**Магистральдық желі дирекциясында Инфрақұрылымды дамыту бойынша белгіленген жоспарларды жүзеге асырумен қатар қызметтің тиімділігін арттыру өзекті мәселе болып отыр.**

«Цифрлы трансформациялау» бағдарламасы тиімді қызмет тетігі және оның шеңберінде қолға алған бастамалар көп. Негізгілеріне тоқталар болсақ, басты бес бағытты атауға болады. Олар: жол күтіміне қатысты технологиялық процесті өзгерту, отын-энергетикалық ресурстар шығындарын төмендету, жылжымалы құрам күтіміне кететін шығындарды қысқарту, технологиялық толаскездерді ұйымдастыру тиімділігін арттыру және инфрақұрылымды дамыту. Бұл бағыттар аясында көптеген бастамалар қарастырылған. Мәселен, отын-энергетикалық ресурстары/шығындар бағытында қазіргі заманғы тез әрекет ететін элегазды ажыратқыштарды енгізу бастамасын алып қарайтын болсақ, ол іске асқан жағдайда, құрылғының өрт қауіптілігі, трансформатор майын сатып алуға және техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындар, қоршаған ортаға зиянды әсері, еңбек қорғау және қауіпсіздіктің бұзылуына әкелетін проблемаларға біржолата нүкте қояры анық. Яғни, 2021-2025 жылдар аралығында 47 бірлік элегазды ажыратқышты сатып алуға 1 457 млн теңге шамасында қаржы керек болса, оның 25 жылда кумулятивтік тиімділігі 2,1 млрд теңгені құрамақ. Екінші бір бастама – заманауи техникалық құралдардың, яғни механикалық лубрикаторлардың өндіріске енгізілуі. Бұл өз кезегінде қисық жол теліміндегі рельстердің қызмет мерзімін екі есеге арттырып, бағыттағыш бұрмалардағы жөндеу жиынтықтарының ауыстыру мерзімін екі есеге төмендетпек. Сондай-ақ, жылжымалы құрамдағы жұп доңғалақтарды қайрап жұмырлауға кететін шығындарды азайтады. Алайда, бұл бастамалар тиімділігі мен шығыны толық зерттелгенде ғана шешім қабылданбақ.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## ПРЕИМУЩЕСТВА ОЧЕВИДНЫ

**Совместное предприятие железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА» – разработало «зеленый» калькулятор индекса ERAI, который показывает уровень выброса $CO_2$ различными видами транспорта. Согласно исследованиям, поезд является самым экологичным инструментом логистической цепочки на маршруте Китай – Европа.**

**Роман ЛЮБИМОВ,**
Нур-Султан

Такой вывод подтверждается многочисленными исследованиями, в том числе данными индекса ERAI. Так, объем выбросов диоксида углерода при перевозке по железной дороге одного и того же объема грузов значительно меньше, чем при перевозке автомобильным транспортом или самолетом. Большое количество диоксида углерода создает парниковый эффект и негативно влияет на климат планеты, вызывая глобальное потепление.

В первом квартале текущего года на транзитном коридоре Казахстан – Россия – Беларусь маршрута Китай – Европа поездами отправлено 154 908 ДФЭ. Прямой накопленный объем выбросов от перевозки этого объема грузов составил 10,3 тысячи тонн $CO_2$, тогда как объем выбросов при аналогичных параметрах для перевозки морем составляет 49,4 тысячи, для автомобильных грузовых перевозок – 920,3, для авиаперевозок – 5459,2 тысячи тонн $CO_2$.

Стоит отметить, что на этот коридор приходится до 90% железнодорожных перевозок между Китаем и Европой. По данным ОТЛК ERA, к евразийским контейнерным перевозкам подключена 21 страна и 92 города.

– Популяризация железнодорожного сообщения в грузоперевозках на дальние расстояния является ключевым шагом в сокращении выбросов парниковых газов транспортным сегментом во всем мире. Экологическая ценность железнодорожных перевозок становится настоящей философией построения социально ответственного бизнеса в Евразии, – отмечает генеральный директор ОТЛК ЕРА Алексей Гром. – Для клиентов, которые ответственно относятся к охране окружающей среды, экологичность железной дороги – это одна из первоочередных причин при выборе транспорта для отправления грузов. В то же время конкурентоспособность по времени перевозки и ценовые преимущества железных дорог также очевидны.

№39 (2647) 01/06/2021

## ЕКПЕ АЛУҒА ШАҚЫРДЫ

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Нұр-Сұлтан

COVID-19

**Бүгінгі таңда «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша барлық қызметкерлердің жиырма пайызға жуығы, нақты айтсақ 24 400 адам коронавирусқа қарсы вакцина салдырды.**



Екпе салдыруда белсенділік танытып отырған аймақ теміржолшылары Алматы, Нұр-Сұлтан қаласы, Шымкент, Қызылорда өңірлерінде. Ұлттық компанияның HR жөніндегі атқарушы директоры Тамила Микулич жақында отандық QAZVAC екпесінің екінші компонентін алды.

– Қазақстандық екпенің екінші компонентін жаңа ғана алып шықтым. Өзімді жақсы сезініп тұрмын. Бірінші компонентін алған кезде де жанама әсерін байқамаған едім. Дәрігерлерге көп рахмет. Алдымен қызуымды, қан қысымымды, сатурациямды өлшеді. Денсаулық жағдайымды толық сұрады. Барлық әріптестерімді екпе алуға шақырамын. Себебі біз неғұрлым көбірек вакцина алсақ, соғұрлым індетті де тезірек жеңеміз, яғни ұжымдық иммунитет қалыптастыруға атсалысамыз. Әрі өзіміз бен жақындарымызды қауіпті індеттен қорғайтын боламыз, – деді ол.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

ТЕХСАБАҚ

**Қазалы вагон пайдалану деповының теміржолшылары пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру мақсатында кәсіби міндеттерін мінсіз атқаруға дағдыланған.**



Құрметті теміржолшы Арғын Орымбаев басқаратын депо ұжымы үшін қауіпсіздік мәселесі қашан да бірінші орында. Олар жылжымалы құрамдарға техникалық қызмет көрсету барысында ақаулы вагондардың қозғалыс қауіпсіздігіне кедергі келтірмеуіне аса мән береді. Осы бағытта басты қару техникалық білім-біліктілікті жетілдіру деп санайды. Депо басшылығы да вагон қараушылардың техникалық қызмет көрсету кезінде қырағылығын арттыруда техникалық сабақтардың маңыздылығын бағалайды.

Қазалы вагон пайдалану деповының Шиелі техникалық қызмет көрсету бекетіне барғанымызда оның басшысы Ерлан Танымбаевтың әріптестерімен кезекті техникалық сабақ өткізу барысына куә болдық. Техникалық сабақ ауысым аралық демалыстағылармен «Қауіпсіздік пен еңбек қорғау инструкцияларын сала бойынша оқу» тақырыбында өтуде екен.

– Бүгінгі техникалық сабақ Кенжебай Жаманқараевтың ауысымында жұмыс жасайтын вагон қараушылармен өткізілуде. Техсабаққа вагон қараушы-жөндеушілерден Кенжехан Әбдіров, Ғалым Жолымбетов, Пазылхан Әбдікаримов пен Исабек Әлімбаев пен операторлар Нәзира Абдуллаева, Бейсен Омарова қатыстырылуда. Техникалық сабақтар негізінен бекітілген кесте бойынша жүргізіледі. Кейде орын алған тосын жағдайға байланысты да кезектен тыс өткізіп, жағдайдың қайталанбауына мән беріледі. Техникалық сабақтан бөлек, теміржолшылармен ауысым алды инструктаждары, тосын тексеру, кестемен тексеріп байқау жұмыстары да тұрақты жүргізіледі. Мұның барлығы жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін арттырумен қатар теміржолшылар қауіпсіздігіне де арналған шаралар, өйткені, қауіпсіздік пен еңбек қорғау – егіз ұғым, – дейді техникалық қызмет көрсету бекетінің басшысы Ерлан Танымбетов.

Жұмысшылар игілігі үшін таяуда мұндағы ТҚКб ғимаратындағы жуынатын бөлме кеңейтіліп, киім ауыстыратын шкафтар жөнделіп, демалыс бөлмесіне де өзгерістер жасалыпты.ТҚКб ғимаратындағы бұл өзгерістер бөлімше басшылығы тарапынан жүргізілген көктемгі комиссиялық тексеру кезінде анықталған кемшіліктерді жою барысында атқарылыпты.

*Суретті түсірген автор*

# ТҰМШАЛАНҒАН ТҮБЕК ВОКЗАЛЫНДА

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

**Елімізге «шақырусыз келген қонақ» – коронавирустың «күтімін» жасап, әуре-сарсаңға түскен халық жаппай бетпердемен жүруге де үйренді. Қайда барсаңыз – босағада арнайы төсеніш, санитайзер, бетпердемен тұмшалаған жан. Неткен «ұятсыз қонақ» еді десеңізші...**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау




Жуырда Маңғыстау теміржол вокзалына бас сұққан едік. Онда да көргеніміз осы жағдай. Вокзал қызметкерлері ғимаратқа кірген әрбір адамның маскасыз өтпеуін қадағалап, өздеріне қосымша жұмыстар жүктеп алған. Қала жақтан және перроннан кіреберіс есіктер алдына антивирустық төсеніш қойып, оны уақытылы ауыстыру, тазалау, іштегі орындықтар, еден сияқты ортақ қолданыстағы мүліктерге дезинфекция жасау, санитайзерлерді антисептикпен толтырып тұру, ковидке қарсы ақпараттарды ледэкранға шығару сынды, айта берсек, ұсақ-түйек, бірақ уақыт алатын шаруалар шаш-етектен.

Соған қарамай, тұмшаланған түбек вокзалында жұмыс баяғыша жүріп жатыр. Арақашықтықты сақтау демесеңіз, кассалар сол белгіленген уақытымен қызмет көрсетуде. Вокзалға күнделікті келіп кететін бес пойыздың билеттері сатылуда. Бүгінде Маңғыстау теміржол вокзалына Алматы-Маңғыстау, Маңғыстау-Алматы, Маңғыстау-Нұр-Сұлтан, Нұр-Сұлтан-Маңғыстау, Маңғыстау-Бейнеу, Бейнеу- Маңғыстау және Ақтөбе, Атырау пойыздары қатынап тұр.

> **БҮГІНДЕ МАҢҒЫСТАУ ТЕМІРЖОЛ ВОКЗАЛЫНА АЛМАТЫ-МАҢҒЫСТАУ, МАҢҒЫСТАУ-АЛМАТЫ, МАҢҒЫСТАУ-НҰР-СҰЛТАН, НҰР-СҰЛТАН-МАҢҒЫСТАУ, МАҢҒЫСТАУ -БЕЙНЕУ, БЕЙНЕУ- МАҢҒЫСТАУ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ, АТЫРАУ ПОЙЫЗДАРЫ ҚАТЫНАП ТҰР.**

– Пойыздар қазір алты-жеті вагонмен жүруде. Нұр-Сұлтан, Атырау бағыттарында алты вагоннан болса, Алматы пойызында жолаушыларға байланысты көбірек. Алматы пойызынан түсетін жолаушылар санына қарай барлығын бір жерде шоғырландырмау мақсатында пойыз келетін таңғы уақытта вокзал ғимаратының сыртынан өтетін сол жақты ашамыз. Жолаушылар легіне қараймыз. Вокзал терроризмге қарсы қорғалатын нысан болғандықтан басқа уақыттарда ғимараттың екі жағы да жабық тұрады, жолаушылар тек есіктен бақылау құрылғысы арқылы кіріп шығады. Бақылау құрылғысы ғимараттың кіріс-шығыс екі есігінде де жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар, кіреберісте мнемосхема орнатулы. Құлағы естімейтіндерге анықтама бюросында ақпараттық панель бар, –дейді Маңғыстау теміржол вокзалының бастығы Айгүл Әмірова.

Сондай ақ, вокзал ішінде тәулік бойына медпункт жұмысы ұйымдастырылған. Ол өз жұмысын пандемия басталғалы жүргізуде екен. Оған қоса арнайы карантин бұрышы бар. Дене қызуы жоғары, денсаулығы нашарлаған жолаушылар кездессе, «жедел жәрдем» қызметі жеткенше науқас сол жерге оқшауланатын көрінеді.

Теміржол вокзалындағы ана мен бала бөлмесі де ашық. Бұрынғыша балалы жолаушылар үшін қызметін жалғастыруда. Ол жерге де антисептиктер қойылған. Аналарға арналған тоңазытқыш, бөлек әжетхана қарастырылған. Бұл бөлмені осы уақытқа дейін жиырмаға жуық ана пайдаланса, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арбаны жыл басынан бері алпыстан астам адам қолданған.

*Суретті түсірген автор*

# ҚАРАТАУДА ЖҰМЫС ҚЫЗЫП ТҰР

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

**Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Қаратау станциясы өңірдегі тау-кен өнімдерін өндіретін компаниялармен тығыз жұмыс жасайды. Өнімдері өз елімізде де, шет елдерге де жөнелтілетін, үлкен сұранысқа ие болғандықтан пандемиялық карантин режиміне қарамастан, станция жұмыс қарқынын жоғалтқан жоқ.**



**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Жамбыл облысы

«Қазфосфат» ЖШС-ның Қаратау тау-кен өңдеу кешені әдеттегідей фосфор рудасын артуда. Сондай-ақ құрғақ құрылыс қоспаларын өндіретін «Қаратау ПРО Алинекс» кәсіпорнының да жүк айналымы төмендеген емес. Цельник өндіретін Қазақстандағы бірден-бір компания – «Талас Инвесттің» шаруасы да бүгінде жақсы жүріп жатыр, олар күніне бірнеше вагон жүк айналымын жасайды. «Жамбыл Недр» зауытының цементі де жүк тасымалын арттыруға өз үлесін қосып отыр екен.

1968 жылы ірге қалаған станцияда 23 теміржолшы еңбек етіп, қозғалыс қауіпсіздігін толық қамтамасыз етіп отыр. Станция директоры Нұржан Жақыпов қауіпті індетке қарамай, күнделікті шаруаның қарқынын бәсеңдетпегендеріне риза. Әсіресе, жоғарыдағы ірі төрт компаниямен тығыз қарым-қатынаста келісе де кеңесе отырып жұмыс жасап отырғандарының арқасында жоспарлы көрсеткіштер орындалып отырғанын жеткізді.

Станцияның ешқандай қызметкері коронавирус індетіне шалдықпағанына қуанады. Десе де, «сақтықта қорлық жоқ» деген ұстаныммен станция қызметкерлері вакцина алып жатыр екен.

«Өзім бірінші болып «QazVac» екпесін қабылдадым. Артымша он-шақты теміржолшы өздері қалаған вакциналарын алды. Олардың ішінде Ресейдің «Спутник В», араб-қытай бірлесе өндірген «Hayat Vac» вакциналары бар», – деген станция басшысының айтуынша, Қаратау станциясына вакцинаның 60 дозасы бөлінген. Теміржолшылар таңдауына қарай індетке қарсы екпенің кез келген түрін қабылдай алады.

*Суретті түсірген автор*

# КЕМШІЛІКТЕР ЖОЙЫЛЫП ЖАТЫР

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**Шымкент магистральдық желі бөлімшесі филиалының Шымкент жол дистанциясында көктемгі байқау аяқталды. Байқауда жылдағыдай дистанция бойынша жол, жер төсемдері, жасанды құрылыстар, өндірістік-техникалық ғимараттар, темір жол алабы, еңбек қорғаудың жай-күйі қорытындыланды.**



**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
Шымкент

Әрине, мұндағы ең басты мақсат – пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау барысында жол дистанциясының тұрақты да үзіліссіз жұмыс істеуі, пойыздардың жүру қауіпсіздігін сақтау, жылдамдығын шектеуге жол бермеу және анықталған кемшіліктерді уақытылы жоюға шара қолдану болмақ.

Көктемгі тексеру жүргізу үшін дистанцияда 16 наурызда 3 комиссия құрылды. Бірінші комиссияға дистанция бастығы Д.Бахиев, екінші комиссияға дистанция бастығының орынбасары Н.Абдраимов, ал үшінші комиссияға дистанция бас инженері міндетін атқарушы Н.Жарылқапов басшылық етіп, жол телімдері мен цехтарды бөліп алып, тексеру жүргізді.

Жаппай комиссиялық көктемгі тексеру барысында бірінші комиссия негізгі бас жолдардан 118,6 шақырым, станция жолдарынан – 48,3 шақырым, бағыттама бұрмалардан 170 жиынтықты тексеріп шықты. Екінші комиссия негізгі бас жолдардан – 124,5 шақырым, станциялық жолдар – 57,7 шақырым, бағыттама бұрмалардан – 169 жиынтық, үшінші комиссия – негізгі бас жолдардан – 129,9 шақырым, станция жолдарынан – 52,4 шақырым, бағыттама бұрмалардан 184 жиынтықты қарап шықты.

«Биыл басты назарға жолдың шпал асты лайланған учаскелерін анықтау, бунақтарды қысқыш бекіту және ендірмелі бұрандама сомындарының тартылу күші мен бунақтардың бойлық бағыттағы жылжуына, яғни ығысуына бақылау ұйымдастырылды. Жолдан шыққан жарамсыз материалдарды бір жерге жинастырып, өндірістік-техникалық ғимараттарды, темір жол алабын эстетикалық талаптарға сәйкес келтіруге басымдық бердік. Түйіспесіз жолдардың температуралық режимге дұрыс бекітілуін, рельс тізбегі мен ажыратқыш түйіспелердің жай-күйін, жол белгілерінің, сым қоршаудың жағдайлары тексерілді. Ал күрделі жөндеуден мерзімі өткен жолдарды ақау тапқыш арбалар көмегімен тексердік. Жалпы көктемгі комиссиялық тексеру барысында 4017 кемшілік анықталды», – деді Шымкент жол дистанциясының бастығы Д.Бахиев.

Комиссия тексеру барысында негізгі бас жолдардың жарамсыз шпалдары – 5231 дана ағаш, 4323 темірбетон шпал, барлығы 9554 дананы құрады. Станция жолдарының жарамсыз шпалдарының саны – 7356 дана ағаш, 2135 дана темірбетон шпал, барлығы – 9491 дана. Рельс саңылауларын ретке келтіру – 6,3 шақырым, жолдың ығысуын ретке келтіру – 5,2 шақырым, жолдың шегесін қағу – 3,1 шақырым, қысқыш және ендірмелі бұрандамаларды бекіту – 8,9 шақырым, жарамсыз белдіктердің саны – 1123 дана, балластың жетіспеуі – 600 шаршы метр, рельс табанындағы жарамсыз резиналық төсемдері – 31454 дана, рельс төсеніші астындағы жарамсыз резиналық төсемдері 4786 дана болды.

Көктемгі байқауда әсіресе 1, 2, 3, 8, 11, 12, 13, 14, 15 айналымдарда кемшіліктердің көп екені анықталды. Атап айтқанда, негізінен жарамсыз ағаш шпалдар, белдіктер, рельс табанындағы жарамсыз резеңкелер, шпал астының тазаланбауы, жол түзету жұмыстары, түйіспе саңылауларын ретке келтіру жұмыстары толығымен жүргізілмеген.

Бұл жағдайлар жоғарыда айтылған айналымдардың жол шеберлері мен жол бригадирлерінің өз міндеттеріне немқұрайлы қарағандықтан жіберіліп отыр деген қорытынды шығарылды. Табылған кемшіліктерді уақытылы жоюға іс-шара және күнтізбелік жұмыс жоспары жасалды. Табылған 4017 кемшіліктің бүгінге дейін тең жартысы, яғни 2012-сі жойылды.

*Суретті түсірген автор*

№39 (2647) 01/06/2021

# КУРС – НА ЦИФРОВЫЕ КОРИДОРЫ

ТЕХНОЛОГИИ

**Вопросы развития информационных и цифровых технологий на железнодорожном транспорте обсудили в ходе «круглого стола» с участниками перевозочного процесса и международными экспертами.**

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

Мероприятие, организатором которого выступили АО «НК «ҚТЖ», Союз транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» и Научно-исследовательский институт транспорта и коммуникаций, прошло в онлайн-режиме на платформе Zoom.

В работе «круглого стола» приняли участие порядка 200 казахстанских и международных логистических операторов, грузовладельцев, IT-специалистов, а также представители Министерства индустрии и инфраструктурного развития, Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, Евразийской экономической комиссии, НПП РК «Атамекен» и другие.

Главными темами обсуждения стали современные тренды цифровизации транспортно-логистического комплекса, формирование цифровых транспортных коридоров ЕАЭС, IT-системы логистических операторов и возможности их интеграции со всеми участниками перевозочного процесса.

Выступая на панельной сессии «Цифровые и информационные решения в области комплексного управления на железнодорожном транспорте», заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов рассказал об автоматизированных системах, применяемых в АО «НК «ҚТЖ». Он сообщил, что в настоящее время товарищество является бизнес-владельцем 43 информационных систем, и презентовал 10 основных, участвующих в организации бизнес-процесса «Перевозка грузов»: АСУ ДКР, ИСУ «Перевозки», ИС «Производственная безопасность» и т.д.

– В целях повышения эффективности перевозочной деятельности ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» выстраивает свою бизнес-модель, акцентируя особое внимание на методах применения цифровых инструментов и современных решений при автоматизации ключевых операций с переходом на безбумажные технологии, – отметил Канат Кобесов. – Этот подход позволяет достичь своевременности, а также максимальной прозрачности текущих бизнес-операций компании.

Обсуждая глобальные логистические тренды, эксперты выделили интегрированный аутсорсинг (5PL) – сервис высшего, 5-го, уровня. Операторы 5PL оказывают весь спектр услуг по планированию, транспортировке, складированию различных грузов и товаров. В ходе онлайн-заседания отмечалось, что развитие провайдеров до уровня 5PL – дело ближайшего будущего. По прогнозам, уже через 20-30 лет будет организовано единое логистическое пространство, действующее на территории Евросоюза.

Что касается стран – участниц Евразийского экономического союза, то в настоящее время прорабатывается вопрос создания условий для формирования цифровых транспортных коридоров ЕАЭС

– Цифровые транспортные коридоры ЕАЭС являются одним из приоритетных направлений реализации цифровой повестки союза, которая утверждена высшим советом ЕАЭС – главами 5 стран в 2017 году, – сказал помощник председателя Евразийской экономической комиссии Мирлан Омуралиев. – Это обусловлено необходимостью оптимизации бизнес-процессов перевозочных процедур с использованием цифровых технологий.

Специальная комиссия с уполномоченными органами государств – членов ЕАЭС в рамках этого направления рассмотрела несколько инициатив от железнодорожных администраций.

– Изучив их, пришли к выводу, что нам необходимо разработать Концепцию экосистемы цифровых транспортных коридоров ЕАЭС, – поделился Мирлан Омуралиев.

В течение полутора лет российский аналитический центр при правительстве РФ, с привлечением Института прикладных систем Беларуси, а также представителей Казахстана в лице компании «Транстелеком» провели научно-исследовательскую работу. В результате выработаны основные подходы к формированию цифровых коридоров ЕАЭС. Они нацелены на решение таких задач, как отказ от бумажного сопровождения транспортно-логистических операций, переход к обмену данными, создание единых стандартов для транспортно-логистических сервисов, переход на сквозную интегрированную информационную систему надзора, основанную на анализе данных и снимающую с перевозчика большую долю административной нагрузки.

> **ВЫРАБОТАНЫ ОСНОВНЫЕ ПОДХОДЫ К ФОРМИРОВАНИЮ ЦИФРОВЫХ КОРИДОРОВ ЕАЭС. ОНИ НАЦЕЛЕНЫ НА РЕШЕНИЕ ТАКИХ ЗАДАЧ, КАК ОТКАЗ ОТ БУМАЖНОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ, ПЕРЕХОД К ОБМЕНУ ДАННЫМИ, СОЗДАНИЕ ЕДИНЫХ СТАНДАРТОВ ДЛЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКИХ СЕРВИСОВ, ПЕРЕХОД НА СКВОЗНУЮ ИНТЕГРИРОВАННУЮ ИНФОРМАЦИОННУЮ СИСТЕМУ НАДЗОРА.**

– На глобальном уровне единых подходов по этому направлению нет. Китай и Европа создают свои платформы на транзитных путях из Азии в Европу, в том числе через страны ЕАЭС. При этом вектор развития экосистем схож, – отметил Мирлан Омуралиев. – На наш взгляд, необходимо создать свою сеть платформ, баз данных сервисов на пространстве союза, которые связаны между собой и отвечают на вызовы современности по оцифровке транспортно-логистического сектора с условием сохранения национального суверенитета каждой страны.

Он подчеркнул, что сохранение национального суверенитета является одним из главных принципов не только в рамках разработки цифровых транспортных коридоров, но и цифровой повестки в целом.

– В феврале 2019 года сделаны первые шаги к практической реализации проекта. Утвержден план мероприятий по формированию цифровой экосистемы, в пяти странах определены ответственные органы. Сформирована экспертная площадка, – доложил спикер.

В ноябре 2020 года утвержден перечень сервисов и необходимой инфраструктуры, который по мере необходимости может актуализироваться каждый год.

– Сейчас он состоит из 11 пунктов, включая информационно-коммуникационную витрину национальных сервисов, сервисы по проведению медицинского освидетельствования, применению электронной международной транспортной накладной для авто- и железнодорожного транспорта, электронного путевого листа, отслеживанию перевозок с использованием электронных навигационных пломб для согласованных видов транспорта и другие, – проинформировал Мирлан Омуралиев.

Президент Института исследования проблем железнодорожного транспорта Павел Иванкин считает первоочередным при развитии евразийских транспортных коридоров инвестирование в развитие логистической инфраструктуры, создание data-центров и обеспечение хранения информации.

– Клиент готов платить за такой сервис, как безопасность данных, а на уровне взаимодействия администраций железных дорог это будет гарантировать, что обмен данными производится без риска утечки информации, – считает он.

## Как живешь, станция?

# ВИЗИТНАЯ КАРТОЧКА РЕГИОНА

**Приграничная станция Алтынколь с каждым днем наращивает объемы перевозок. Построенная практически в пустыне, она войдет в историю как визитная карточка региона, мощное транспортное предприятие.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алтынколь



По итогам 4 месяцев 2021 года по станции Алтынколь объем перевозок экспортного и импортного груза по сравнению с аналогичным периодом 2020 года увеличился на 84,9% и составил в общем 2 746 292 тонны.

Только за 4 месяца текущего года по широкой колее со стороны станции Жетыген и станции Хоргос прибыло 2 208 поездов. На сегодняшний день в сутки обрабатывается по широкой колее в среднем 18 пар поездов, из них 7– на экспорт, 11 – в сторону станции Жетыген.

Одним из основных показателей по объему перевозок на станции являются контейнерные поезда, которые прочно заняли лидирующие позиции среди перевозок, динамика роста здесь налицо. На станцию с начала года прибыло и перегружено 860 контейнерных поездов. В Европу – 487, Узбекистан – 326, Иран – 7, ТМТМ – 37, Кыргызстан и Туркменистан – 3. За аналогичный период 2020 года их прибыло 626. Увеличение на 234 поезда.

Оборот локомотивов по Казахстану на станции Хоргос при норме 3 часа согласно протоколу смешанных комиссий за 4 месяца 2021 года составил в среднем 14,1 часа, увеличение по причине ужесточения карантинных мер, связанных с пандемией. Оборот локомотивов по Китайской железной дороге на станции Алтынколь составил 3,38 часа при норме 3, свыше нормы из-за простоя в ожидании согласия от китайской стороны в парке «Т» станции Алтынколь.

На сегодняшний день на станции осуществляют перегруз с вагона на автотранспорт 4 подъездных пути, общий объем выгрузки – 44 вагона.

За 4 месяца по узкой колее принято 1 526 поездов, в 2020 году этот показатель составил 1 097, увеличение на 39%. По широкой колее сдача составила 849 поездов против 384 периода прошлого года, увеличение на 121%, среднесуточный показатель увеличился с 3 до 7 поездов.

Нарушений безопасности движения поездов и случаев травматизма на станции Алтынколь как в прошлом году, так и за 4 месяца текущего не допущено. Это говорит о хорошем показателе работы в вопросах охраны труда и культуре производства.

Как отмечает начальник станции Алтынколь Халел Байжигитов, каждое планерное совещание начинается с пятиминутки производственной безопасности, где буквально до каждого работника доводятся основные принципы безопасной работы: сохрани жизнь, начни работу безопасно, предупреди коллег о рисках или опасных условиях и т. д.

Для исключения случаев самопроизвольного ухода вагонов проверяется соблюдение порядка контроля и взаимоконтроля между работниками станции при производстве закрепления вагонов на станционных путях путем прослушивания регламента переговоров, ведется разъяснительная работа. В целях минимизации случаев ДТП и наездов на людей систематически проводятся беседы среди местного населения, совместные рейды с ВЖДО и ЛОВД, обновлены предупреждающие аншлаги и знаки в местах прохода людей через железнодорожные пути.

С каждым годом станция растет и развивается. Радуют глаз современное здание вокзала, пункты таможенного досмотра, перегрузочный комплекс, объекты социального значения. В целях пропаганды здорового образа жизни для сотрудников возведен культурно-спортивный комплекс, где можно с максимальной пользой провести свой досуг.

К слову, для создания комфортных условий труда на посту ЭЦ в феврале завершен ремонт помещения, обновлена мебель, установлены плазменные телевизоры. Недавно совместно с профсоюзом в здании общежития для маленьких алтынкольцев открыли детскую игровую комнату.

– Станция надежд Алтынколь живет своей насыщенной жизнью, здесь каждый сотрудник несет ответственность за порученное дело. Это огромное поле для деятельности, развития и роста молодежи – нашей смены, – говорит Халел Байжигитов.

*Фото автора*

## Профилактика

# НА ОСОБОМ КОНТРОЛЕ

**Жанара ЖУСУПОВА,**
Павлодар

**ТОО «Военизированная железнодорожная охрана» и сотрудники линейного отдела полиции на станции Павлодар взяли на особый контроль детский отдых. Они проводят внеклассные занятия со школьниками.**



У детей начались долгожданные и самые длинные каникулы. В это время, как отмечают правоохранительные органы, увеличивается число несчастных случаев с участием несовершеннолетних. Особая зона, которая должна находиться под пристальным контролем, это железная дорога. На минувшей неделе полицейские ЛОП на станции Павлодар и отдел по безопасности и охраны труда ТОО «ВЖДО» провели внеклассные занятия с учениками пятого класса средней общеобразовательной школы №23 на тему «Правила поведения на железной дороге». Полицейские объяснили ребятам, что нельзя играть на путях, переходить их в неустановленных местах, оставлять посторонние предметы, забираться на вагоны, которые находятся под высоким напряжением.

– Железная дорога электрифицирована, по ней проходит около 27 000 Вольт. Можно получить сильнейший ожог тела, примерно 90%. Шансы остаться в живых крайне малы. Движущийся состав не успеет остановиться, так как тормозной путь состава составляет до 800-900 метров, – объяснил заместитель начальника станции Павлодар Нурсултан Екпинтаев.

Правоохранительные органы напоминают, что ответственность за нарушения детей несут их родители.

– Мы в очередной раз обращаем внимание взрослых на соблюдение правил безопасности на железнодорожном транспорте и необходимости ужесточения контроля за детьми, – сказал первый заместитель начальника ЛОП на станции Павлодар Архат Куленов.

*Фото автора*



# БЕЗОПАСНОСТЬ НА ПУТИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

**С наступлением лета у школьников становится больше свободного времени. Как следствие, число несчастных случаев с несовершеннолетними на железнодорожных путях возрастает. Дети в поисках острых ощущений взбираются на вагоны и электровозы, чтобы сделать селфи. И каждый из таких случаев может привести к трагедии, что уже было в прошлом.**

В Костанайском филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» с наступлением летнего периода традиционно проводят профилактическую работу со школьниками, чтобы донести до них опасные последствия нарушения правил безопасности вблизи и на железной дороге. В частности, сотрудники станции Костанай в близлежащих к железной дороге средних школах №№122, 115, 8 города Костаная провели беседы, раздали наклейки и листовки. Подобными мероприятиями было охвачено более 400 учащихся 4-11 классов, а также их педагоги. Работники железной дороги выдали школьникам наглядные памятки «Железная дорога – зона повышенной опасности», в почтовые ящики близлежащих к железной дороге жилых домов разложили информационные листы о правилах нахождения на железнодорожных путях.

– Хочу обратиться к школьникам и их родителям: переход железнодорожных путей в неустановленном месте, нахождение на электрифицированных участках железнодорожных путей крайне опасно для жизни, – говорит главный инженер станции Костанай Алданыш Наженов. – Дети должны помнить, что железная дорога – это зона повышенной опасности! Оберегайте себя и своих друзей от несчастных случаев! Не приближайтесь к устройствам контактной сети ближе 2 метров, это опасно для жизни!

*Фото автора*

---

Қазалы жол дистанциясының ұжымы саналы ғұмырын Қазалы жол дистанциясының өсіп-өркендеуіне арнаған, қатардағы жол монтерінен дистанция басшысы қызметіне дейін өскен Құрметті теміржолшы

**Құсанов Едіге Ахметұлының**

қайтыс болуына байланысты марқұмның туған туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



# УВЕКОВЕЧИТЬ ПАМЯТЬ ГЕРОЕВ

**31 мая в Казахстане отмечается День памяти жертв политических репрессий. Трагические страницы истории коснулись судьбы прославленного инженера-железнодорожника, известного общественного и политического деятеля, представителя движения «Алаш» Мухамеджана Тынышпаева. Его сын Давлет Шейх-Али Тынышпаев принял участие в ряде мероприятий, посвященных скорбным событиям 20-30-х годов прошлого века.**

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

Давлет Шейх-Али Тынышпаев – заслуженный деятель науки и техники Башкортостана, доктор технических наук, профессор КБТУ, обладатель государственной награды РК – ордена «Құрмет». В прошлом году АО «НК «ҚТЖ» отметило аксакала юбилейной медалью «К 90-летию Туркестано-Сибирской магистрали». К слову, в этом году и сам Давлет Мухамеджанович отметил 90-летний юбилей.

Он родился в 1931 году в Алма-Ате. На тот момент его отец – алашординец Мухамеджан Тынышпаев был объявлен «врагом народа» и находился в ссылке по доносу. Чтобы уберечь сына от преследований, он попросил супругу дать мальчику фамилию матери Шейх-Али, а имя Давлет в честь ее деда – первого ученого-этнографа из Дагестана. В 1932 году вместе с матерью годовалый Давлет переехал в Воронежскую область, куда был сослан отец.

После возвращения из ссылки в 1936 году Мухамеджан Тынышпаев поехал на строительство железной дороги Кандагач – Гурьев.

– Я помню, как мы с мамой одними из первых проехали по участку Туркестано-Сибирской магистрали, который тогда еще не был введен в эксплуатацию, – вспоминает Давлет Мухамеджанович.

Простудившись, Мухамеджан Тынышпаев уехал в Ташкент, а семью отправил в Уфу, пытаясь спасти жену и ребенка от ареста. В Уфе сын проектировщика Туркестано-Сибирской магистрали проживал с 1936 по 2005 год. В настоящее время он живет вместе с детьми в США, но часто посещает свою историческую родину. Мухамеджана Тынышпаева расстреляли в 1937 году. Однако, по некоторым данным, это печальное событие произошло двумя годами позже.

Всю свою жизнь Давлет Шейх-Али Тынышпаев посвятил науке и реабилитации честного имени отца, который в 1970 году был окончательно реабилитирован в Ташкенте. Племянница лидера движения «Алаш» Нуршакен Жунискызы возглавляет фонд имени Мухамеджана Тынышпаева, созданный 20 лет назад. Его именем названа одна из улиц Алматы и столицы, а также областной историко-краеведческий музей Талдыкоргана. Долгое время имя Мухамеджана Тынышпаева носила Казахская академия транспорта и коммуникаций, сейчас она преобразована в Казахскую академию транспорта и логистики, но ветераны отрасли, а также жители страны настаивают на том, чтобы она сохранила имя проектировщика легендарной Туркестано-Сибирской магистрали.

Из-за пандемии коронавируса Давлет Мухамеджанович долгое время не мог попасть в Казахстан. Но в этом году, преодолев ряд преград, прилетел в Алматы и 12 мая участвовал в мероприятиях, посвященных 142-летию своего отца. 29 мая стал почетным гостем «круглого стола» на тему «Политические репрессии в Казахстане 1920-1950 гг. Возвращенные имена». А вчера вместе со своей двоюродной сестрой Нуршакен аксакал посетил Музей памяти жертв политических репрессий в селе Жаналык Талгарского района Алматинской области.

– Репрессии коснулись многих народов. Как правило, этот скорбный день я отмечаю в Казахстане, участвую в мероприятиях, посвященных памяти моего отца. Не забывают обо мне и моем отце и в ҚТЖ. Мне обещали назвать одну из станций на Турксибе именем Мухамеджана Тынышпаева, очень надеюсь, что это однажды произойдет, – поделился Давлет Мухамеджанович.

*Фото из семейного архива*

# МАРШРУТ В ДОЛГОЖДАННОЕ ЛЕТО

**Акмолинский филиал ОО «Казпрофтранс» совместно с профсоюзными комитетами запланировал ряд мероприятий к Дню защиты детей.**

**Надежда НОВИЦКАЯ,**
Кокшетау



31 мая для детей от 6 до 11 лет организована обзорная экскурсия по городу Кокшетау с посещением музеева, а 1 июня в Парке культуры и отдыха дети от 5 до 10 лет смогут посетить аттракционы, на которые уже приобретено 400 билетов.

День защиты детей – это не только веселый праздник для детей, но и напоминание обществу о необходимости защищать права ребенка, чтобы дети росли счастливыми, учились, занимались любимым делом и в будущем стали достойными гражданами своей страны.

– Прошлый год внес серьезные коррективы, и все же о детях мы не забывали. В нашем списке всегда традиционные праздники: День защиты детей, начало учебного года, Новый год. Нам нравится готовить праздничные и развлекательно-познавательные программы, – говорит председатель Акмолинского филиала ОО «Казпрофтранс» Хазис Закирин.

*Фото автора*

# ПОЙЫЗДАН САҚТАН, БАЛАҚАЙ!

**Қауіп-қатерге толы теміржол бойындағы сақтық шаралары мен түрлі ескерту белгілерін көзге ілмей, жолды кез келген жерден кесіп өте салуға құштар жандар кесірінен қайғылы оқиғалар орын алып жатады...**



**Жан ПЕРДЕБЕК,**
Шымкент

Теміржолшылар мен желілік полиция қызметкерлері бірлесіп, «Абайлаңыз, поезд!» атты жедел профилактикалық іс-шарасы аясында кезекті іс-шаралар ұйымдастырды. Олар 27-29 мамыр аралығында Түркістан облысы Ордабасы ауданы Бадам станциясындағы жалпы орта мектептің 2-9 сынып оқушылары мен мұғалімдеріне дәріс өткізді.

Бадам станциясының қызметкерлері оқушыларға теміржолды ойын аймағына айналдыруға болмайтынын, вагондардың төбесіне шықпауға, астынан өтпеуге, жүк пойыздарына рұқсатсыз мінуге, рельстің үстіне отыруға, пойыз жақындағанда жолдан жүгіріп өтуге болмайтыны туралы бірнеше қауіпті ережелерді түсіндіріп, мысалдар келтірді.

Желілік полиция қызметкерлері мектеп оқушылары қойған сұрақтарға жан-жақты жауап беріп, теміржолдың қауіптілігін түсіндіруге тырысты. Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың арасында және оларға қатысты құқық бұзушылықтың алдын алу, қадағалаусыздық пен панасыздық профилактикасы бойынша да түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар оқушыларға беймезгіл түнгі уақытта ата-анасыз үйден тыс жерлерде жүруге болмайтынын, шыққан жағдайда да қастарында заңды өкілі болу керектігін, ондай болмаған жағдайда заң алдында жауапкершілікке тартылатыны туралы да ескертті.

*Суретті түсірген автор*

# БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАДЫ

**Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі ұжымының бастауыш кәсіподақ ұйымы 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай балалар арасында онлайн-байқау ұйымдастырды.**

**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Жамбыл облысы

Бұл доданың ерекшелігі сол, теміржолшылар отбасындағы жеткіншектер әлеуметтік желіге қызықты бейнетуындыларын жүктеп, сілтемелерін кәсіподақтың электрондық поштасына жолдауы қажет. «Биылғы карантин жағдайына байланысты ойымыздағы көптеген дүниені жасай алмай отырғанымыз рас. Десе де, балаларымыздың қуанышы үшін осындай бастама көтеріп, байқау ұйымдастыруды жөн көрдік. Жеңімпаздарды 15 маусым күні арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен және қаржылай сыйлықтармен марапаттайтын боламыз», – деп атап өтті бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Еркін Алтынбеков.

Сонымен қатар, Магистральдық желі бөлімшесінің ұжымы Тараз қаласында орналасқан қиын жағдайдағы балаларды қолдау орталығына 50 мың теңге шамасында қаражат аударып отыр. «Бұл сауапты іске әріптестерімнің барлығы белсене атсалысқаны қуантады», – деді кәсіподақ өкілі.

## СПОРТ

# ФУТБОЛ ВСЕГДА В ТРЕНДЕ

**На станции Караганда-Сортировочная создана команда «Локомотив Казпрофтранс» из числа детей железнодорожников от 10 до 12 лет для участия в региональной лиге по футболу. Мероприятие приурочено ко Дню защиты детей и 30-летию независимости Казахстана.**



**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Таким образом, идет популяризация этого вида спорта среди детей и подростков на примере именитых футболистов.

Как отметил инструктор по спорту Тагат Айманбетов, всего в соревнованиях примет участие 10 команд из различных регионов Казахстана. Единая форма закуплена филиалом Казпрофтранс в лице председателя Яхии Альмусина.

– Тренировки проходят три раза в неделю. Ребята очень стараются. У них есть желание добиться результатов в этом популярном виде спорта, и они с завидным упорством идут к своей цели, – говорит Тагат Айманбетов. – На сегодняшний день среди сотрудников железной дороги и членов их семей ведется пропаганда здорового образа жизни и отказа от вредных привычек. Ни для кого не секрет, что в настоящее время многие ребята основную часть времени проводят сидя дома за телефонами и ноутбуками, хотя должны больше находиться на свежем воздухе и играть в подвижные игры. Детей и подростков необходимо приобщать к спорту.

– Соревнования по футболу продлятся до конца июля. Ребятам есть к чему стремиться и с кого брать пример. Надеемся, что со временем они достигнут успехов и пополнят ряды известных футболистов, о которых знает весь мир, – резюмирует Тагат Айманбетов.

*Фото автора*

# ҚУАНТСАҢ, БАЛАНЫ ҚУАНТ...

**Халықаралық балаларды қорғау күнін теміржолшылар ескерусіз қалдырмайды. Жылдағы дәстүр бойынша кәсіподақ ұйымы биыл да бүлдіршіндерге арнап түрлі шаралар ұйымдастыруды көздеп отыр.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Балаларға арналған мәдени шаралар легі балаларды қорғау күніне арналған сурет байқауының жариялануымен бастау алды. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, теміржолшылар өмірі мен бейбітшілік аспанын қағазға түсіріп, насихаттағандар жылдағыдай бағалы сыйлықтармен марапатталады.

«Өткен жылы карантинге байланысты барлық шараны онлайн өткізіп, балаларды сыйлықсыз қалдырған жоқпыз. Биыл сақтық шараларын қолға алып, көп баланы топтамай, ішінара болса да оффлайн өткізу мүмкіндігін қарастырамыз. Балаларды қуантып, мерекелік көңіл-күй сыйлауға біз де мүддеміз», – дейді Ақтөбе ЖТ бөлімінің кәсіподақ басшысы Самат Ұлмағамбетов.

Теміржолшылар мұндай іс-шараның мақсаты балаларды мәдени дамытуға, қорғауға үлес қосады деп сенеді. Жол дистанциясы мерекеге орай ерекше акцияны қолға алды. Мұнда кәсіподақ ұйымы мереке қарсаңында теміржолшылар отбасындағы мүгедек балаларды қамқорлыққа бөлемек.

«Мекеме қызметкерлерінің арасында кәмелеттік жасқа толмаған мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған үш отбасы бар. Осы мерекеде сол балаларды қуантқымыз келеді», – дейді Ақтөбе жол дистанциясы кәсіподақ төрағасы Елжан Жұмабаев.

Олар ерекше қамқорлықты қажет ететін балаларды тәттілермен қуантып, сертификат беруді жоспарлап отыр.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**
**Л. Ровба, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шымкент:** Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.